

Құрметті Қабиболла Қабенұлы!

Құрметті депутаттар және парламент сағатына қатысушылар!

Ветеринария бойынша

Парламент сағатындағы бүгінгі тақырып министрлік қызметінің маңызды бағыттарының бірі – ветеринария жүйесін жетілдіру мәселелеріне арналады. Бұл саланы ретке келтіру елдегі эпизоотиялық жағдайды жақсартумен және қауіпсіз мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Мен бірінші кезекте депутаттарға біздің ауыл шаруашылығын дамыту бойынша бастамаларымызды қолдап, әрдайым көңіл бөліп отырғандарыңыз үшін алғыс айтамын. Біз оны сеземіз және ол біздің жұмысымызға өз көмегін тигізеді.

Елдің азық-тілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру ветеринариялық жүйемен тығыз байланысты және Мемлекет Басшысы ветеринариялық қауіпсіздік мал шаруашылығы саласын дамытудың негізі екенін бірнеше рет атап өткен болатын.

Қазіргі уақытта агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа құрылымдық бағдарламасын

1-слайд

әзірлеу жұмыстары аяқталуда, ол экономикалық дағдарыстан жапа шеккен аграрлық кәсіпорындардың қаржылық жағдайын жақсартады, аграрлық бизнестің даму жобаларына қолдау көрсетуге және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ветеринария саласындағы жағдайды жақсарту осы бағдарламаның негізгі бөлігі болып табылады.

Жыл бойы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және бүгінгі күн талабын ескеретін нақты ветеринариялық қызметті құруға жағдай жасайтын жүйелі өзгерістер аз жасалған жоқ.

Сөз басында Қазақстан Республикасының ветеринариялық қызметінің құрылымына тоқталғым келеді, ол өз кезегінде:

ветеринария саласындағы уәкілетті органнан;

ветеринария саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінен;

мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардан тұрады.

Ветеринарияны басқару құрылымын және еліміздің барлық ветеринариялық қызметтері жұмысының қалыптасқан тәжірибесін талдау оның жетілдірілмегенін және тиімсізділігін көрсетті.

2-3 слайд

Кемшіліктер мен проблемаларды біз жүйелендірдік және олар экранда көрсетілген. <i>Анықтама. Ветеринария саласындағы заңнамалық базаның жетілдірілмеуі;</i> <i>Ветеринария жүйесінің институционалдық жетілдірілмеуі;</i> <i>Ветеринариялық зертханалар желілерін кеңейтудегі және оларды жарақтандырудағы кемшіліктер;</i> <i>Ветеринариялық іс-шараларды жүргізу сапасының төмендігі;</i> <i>Жануарларға бірдейлендіру жүргізу рәсімінің кемшіліктер;</i> <i>Кадрлармен қамтамасыз етілмеушілік және ветеринар мамандар біліктілігінің төменділігі;</i> <i>Халықаралық стандарттарға сәйкес келмеушілік және халықаралық ұйымдармен ықпалдасудың әлсіздігі.</i>	4 слайд
Бірінші кезекте заңнамалық базаның жай-күйіне тоқтағым келеді. <i>Проблемалар:</i> Жергілікті жерлерде, әсіресе ауылдарда біз көптеген әкімшілік кедергілерді анықтадық, атап айтқанда, ветеринариялық құжаттарды беру кезінде. Ветеринариялық анықтаманы беруді тек ауылдық округтің ветеринариялық дәрігері жүзеге асырды және ол ауданның тиісті аумағына ғана жарамды болатын. Бұл ретте, мал шаруашылығы өнімдерін ауданнан	5 Слайд

тыс жерлерге өткізу үшін тиісті құжатты алуға аудан орталығына бару қажет болды. Бұдан басқа, ветеринариялық құжат бланкісінің құнын банкке төлеу қажет, бұл адамдарды әуре-сарсаңға салды және қосымша шығындарды тудырды.

Мал шаруашылығы үй-жайларына, мал және малдан алынатын өнімдерді өткізуге арналған базарларға қойылатын ветеринариялық талаптар ретке келтірілмеген. Ал мұндай тірі мал сатылатын базарлардың саны 60 жуық.

Ветеринариялық заңнамаларды бұзғаны үшін салынатын бекітілген ең жоғарғы айыппұл мөлшері жеке тұлғалар үшін - 8,0 мың теңге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – 80,0 мың теңге, ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – 162 мың теңге. Алайда, жеке өңірлерде де, республика көлемінде де ветеринариялық заңнамаларды бұзудың салдарынан келген шығын өлшеусіз және қайтымсыз,

Анықтама. Мысалы аусыл кезінде шектеу қою шараларын енгізу ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауға кедергі келтіреді.

Немесе басқа мысал. Алып қойылған және жойылған малға төленетін өтемақы мөлшері (шартты түрде нарықтық бағаның 80%-ы) олардың нақты нарықтық құнына сәйкес келмейді (нақты құнының жартысына да жетпейді), бұл өз кезегінде ауру малды жасыруға және індеттің таралуына алып келді.

Қабылданған шаралар:

Біздің-күш жігеріміз әкімшілік кедергілер деңгейін төмендетуге бағытталады. Атап айтқанда: - ветеринариялық анықтама беру рәсімі оны беруге құқығы бар тұлғалар санын және оның заңды қолданысын республиканың барлық аумағына кеңейте отырып жеңілдетілді. <u>Анықтама:</u> ветеринариялық анықтама беру құқығы берілгендер: - республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудан, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (село), ауылдық (селолық) округтардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринар дәрігерлері; - жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің аттестаттаудан өткен ветеринар дәрігерлері. Бұл ретте, ветеринариялық анықтама жануарларға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағындағы эпизоотиялық ахуал туралы ғана емес, сонымен бірге, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға да беріледі. Өндірістік бақылаудың ветеринар дәрігерлерін аттестаттаудан өткізу тәртібін және оларға қойылатын талаптарды көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданды. - лицензияланатын екі қызмет түрі (ветеринариялық мақсат үшін дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды сату және ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызмет) қысқартылды. Сонымен қатар, ағымдағы жылы жойылған мал және мал өнімдерінің құнын төлеу тетігі өзгертілді, ол мал иесіне жойылған мал үшін өтемақыны орта нарықтық баға бойынша төлеуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне қойылатын	бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы Заңы ҚР Премьер-Министрінде қол қоюға ветеринариялық құжаттарды беру тәртібі жөніндегі ҚР Үкіметінің қаулысы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі №513 және 2012 жылғы 17 мамырдағы №634 қаулылары Рұқсатнама жүйесін жетілдіру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының 2011 жылғы шілдедегі Заңы (норма 2012 жылдың 30 қаңтарында қолданысқа енгізілді) Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 7 ақпандағы №301 қаулысы Жауапкершілік шаралары мен
---	---

ветеринариялық талаптар бекіту рәсімінен өтуде. Ветеринариялық заңнамаларды бұзғаны үшін жаупкершілік шаралар мен түрлерін қатаңдату бойынша ұсыныстар әзірленді. Бұдан басқа, биылғы жылдан бастап «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде ветеринария саласындағы мамандарға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге, сондай-ақ, оларға үй салу үшін кредит бөлуге мүмкіндік бар. Халықаралық стандарттар талаптарын және халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын ескере отырып, ветеринариялық заңнамаларды үйлестіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.	түрлері депутаттар бастамашылық еткен ҚР Заңында көзделеді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы Заңы
Екінші проблема – Ветеринария жүйесінің институционалдық жетілдірілмеуі Ветеринариялық қызмет жүйесінде ветеринар мамандарды бөлуде жасанды ауытқулар орын алған. Көптеген ветеринарлар практикалық қызметпен емес, инспекциялық және «кеңселік» жұмыспен айналысады. Бұл ретте лицензиаттар тек аса қауіпті аурулар бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі іс-шараларды ғана орындаған. Басқа жұқпалы емес ауруларға, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар (дезинфекция, дезинсекция, дератизация және т.б.) жүргізуге көңіл бөлінбеген. Сонымен қатар, ветеринариялық қызметте отандық ғалымдар мен қоғамдық ветеринариялық ұйымдардың кеңінен дамуы мен қатысуы орын алмаған.	6 слайд

Қабылданған шаралар:

Ветеринариялық жүйені институционалды нығайтуға бағытталған бірқатар іс-шаралар қабылданды, атап айтқанда:

- жергілікті деңгейдегі аумақтық бөлімшелері бар Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті құрылды;
- республика бойынша мал басының 80%-ы жеке қосалқы шаруашылықтарда шоғырлануына байланысты жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік ветеринариялық қызметі ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық ұйымдар құру арқылы күшейтілді.

Шын мәнінде, біз мемлекеттік ветеринариялық жүйені жергілікті деңгейде қалпына келтіреміз.

Оларға аса қауіпті аурулар, энзоотиялық аурулар және жануарларды бірдейлендіру бойынша ветеринариялық іс-шараларды орындау функциясы берілді.

Бұдан басқа, Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Ветеринария мәселелері жөніндегі ғылыми-техникалық кеңес құрылды, ол проблемалық мәселелер бойынша ашық пікірталастыруға және шешімдер қабылдау, а мүмкіндік береді.

Қабылданатын шаралар:

Біз депутаттарға заңға өзгеріс енгізу бастамалары үшін алғыс білдіреміз, ол заң ҚР Парламентінің қарауында жатыр және мыналарды көздейді:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы Заңы

- жаңадан құрылған аудандық ветеринариялық станциялардың және ветеринариялық пункттердің рөлін одан әрі күшейту (үзінділер берілетін бірдейлендірудің деректер базасын жүргізу, жануарларды санитариялық союға тасымалдау).

- ауылдық округтер әкімдіктерінің ветеринариялық қызметтерін тарату, бұл ветеринар дәрігерді аудандық ветеринариялық станцияға беруге мүмкіндік туғызады. Осылайша ветеринар дәрігер мемлекеттік қызметші - жұмысты ұйымдастырушы санатынан практикадағы дәрігер санатына өтеді.

Сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне ветеринар инспекторларды бекітіп беру жолымен оларды бақылауды күшейту жұмыстары жүргізілуде.

Үшінші – ветеринариялық зертханалар желісін кеңейтудегі және оларды жарақтандырудағы кемшіліктер

Ветеринариялық зерханалар желісін республика ауқымында кеңейту облыстық және өңірлік ветеринариялық зертханалардағы секілді қымбат тұратын, өнімділігі жоғары және арнайы жабдық орнату мақсатында алаңы 573 шаршы метр болатын үлгілік аудандық ветеринариялық зертханалар салуды көздейді. Мұндай тәсіл халықаралық сарапшылардың пікірінше орынды болып табылмайды. Бұдан басқа мұндай жабдықты пайдалану реагенттерге, шығыс материалдарына, амортизациялық аударымдарға жұмсалатын

7 слайд

шығындардың және тиісінше қызметтер құнының ұлғаюына ықпал етеді. Сондай-ақ мұндай жабдықтарда жұмыс істеу үшін біліктілігі жоғары мамандар талап етіледі, ал олар елімізде санаулы ғана. Мұның барлығын ақылға сыйымды жағдайға келтіру қажет.

Қазіргі таңда аздаған шығын жұмсап тиісті жағдайға келтіруге болатын үлгілік ғимараттар бар орындарда 15 зертхана салудың мақсатқа лайықтылығын анықтау жұмыстары жүргізілуде.

Қабылданған және қабылданатын шаралар:

Бүгінгі күні 11 облыстық, 15 аудандық ветеринариялық зертхана салынды.

2011 жылы басталған 37 аудандық ветеринариялық зертхананың құрылысы аяқталуда, 2013 жылы тағы да 63 аудандық ветеринариялық зертхана салынады.

Салынып жатқан аудандық зертханалар ғимараттарының бос үй-жайлары болатындықтан олар кадрларды оқыту мен даярлау және басқа да ветеринариялық ұйымдарды орналастыру үшін пайдаланылатын болады.

Мемлекет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында министрлік нақты қажеттілікті және халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын ескере отырып, аудандық деңгейдегі зертханаларды жабдықтауға арналған жабдықтар тізілімін қайта қарады және Ғылыми-техникалық кеңесте бекітті.

Ветеринариялық зертханалардың халықаралық стандарттарға сәйкестегіне аккредиттеу

және Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталыққа Халықаралық эпизоотиялық бюроның бруцеллез бойынша референттік орталығы мәртебесін алу бойынша жұмыстар жүргізілуде.	
<i>Төртінші – Ветеринариялық іс-шараларды жүргізу сапасының төмендігі</i> Жүргізілген ветеринариялық іс-шаралардың сапасына дәрігер-лицензиаттар қызметінің төмен тиімділігі әсерін тигізді. Олардың қызметі келісім шарттың қолдану мерзімімен, жарақтаудағы төмен ынтамен шектелді және көпшілік жағдайда біқатар елді мекендерге ветеринариялық қызмет көрсетілмей қалды. <i>Анықтама: 7 мың елді мекенге шамамен 2,3 мың бірлік дәрігер-лицензиат есептелді, ол 32%-дан сәл жоғары қамтамасыз етуді құрайды.</i> Бұдан басқа ветеринариялық іс-шараларды тиімді жүргізбеу факторларының бірі оларды қауіптің талдамасын және дәрежесін есепке алмай жоспарлау болып табылады. Нақты аумақтағы эпизоотиялық жағдайды ескермей малдардың барлық басына бруцеллезге зерттеу жүргізу осыған мысал бола алады, атап айтқанда өткен жылы республика бойынша 43,0 млн. астам зерттеу жүргізілген. Бұл ретте халықаралық сарапшылардың ұсынымы	8 слайд

бойынша нақты математикалық сынама алу әдістемесін қолдануға болатын еді, ол жүргізілген іс-шаралардың тиімділігін сақтау кезінде арзанырақ.

Қабылданған және қабылданатын шаралар:

Жоғарыда айтылғандай ветеринариялық шараларды жүзеге асыру үшін профилактикалық жұмыстарды жүргізуге және жануарларды бірдейлендіруге арналған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрылды.

Ветеринариялық пункттері бар аудандық станцияларды жарақтандырудың нормативі әзірленді (арнайы көлік – ДУК, автокөлік, мал тасситын көлік, тіркемелер, инсинераторлар, суыту қондырғылары, электрлі генераторлар және т.б). Бұл бюджеттен 16,5 млрд. теңге көлемінде қаржы қаражатын қажет етеді, оның 5,1 млрд теңгесі 2013 жылға арналған бюджет жобасында көзделген. Ол ветеринариялық пункттері барлық ветеринариялық ұйымдарды толық жарақтандыруға жетпейді. Осыған байланысты, біз министрлікті қолдауларыңызды және 2013 жылға арналған бюджет жобасында осы мақсатқа қосымша 4,6 млрд. тенге көздеулеріңізді сұраймыз.

Қазіргі уақытта министрлік барлық елді мекендерді мал өлекселерін өртейтін пешпен қамтамасыз ету мәселесін қарастыруда. Келесі жылы еліміздің өңірлерінде әр түрлі типтегі пештерді орнату бойынша пилоттық жобаны іске қосу жоспарлануда.

Бұдан басқа, біз халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын ескере отырып, мыналарды мақсат етіп отырмыз:

- қауіпті талдауды және бағалауды есепке ала отырып, жануарлардың бірқатар аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру стратегиясын қайта қарастыру. Атап айтқанда, аусыл бойынша ахуалды ескеріп, буферлік аймақтарды анықтай отырып елді аумақтарға бөлу жүргізілді және бүгінгі күні оның шекаралары көзделді (4 оңтүстік облыс және ШҚО, мемлекеттік шекарадан 50 км және республикалық, облыстық маңызы бар автожолдар бойында 30 км, ал нақты буферлік аймақ ретінде қауіпті аймақтар – бұрын ауру ошағы тіркелген елді мекендер, автожолдар). Мұндай тәсіл күш-жігерді жүргізілген іс-шаралардың тиімділігіне шоғырландыруға және өңірлер арасында бақылауға жатқызылған объектілерді тасымалдау кезінде кедергілерді және шектеулер кеңістігін төмендетуге мүмкіндік береді.

- *Анықтама: Осы жылға дейін малдарды вакцинациялау оңтүстік өңірлерде облыстың барлық аумағында жүргізіліп келді.*

- Жануарлардың бруцеллезіне келсек, мұнда жүргізілген зерттеулер саны бойынша да, әдістер бойынша да бұл ауруды диагностикалау тәсілі өзгертілді. Және ең бастысы жануарларға вакцинация жүргізу мүмкіндігі көзделді.

- - GMP/GLP стандарттарын кезең-кезеңмен енгізу және алдыңғы қатарлы әлемдік өндірушілердің қатысуымен ветеринариялық препараттардың жаңа биоөндірісін құру. Бұл басқа сападағы ветеринариялық препараттар алуға мүмкіндік береді және жүргізілген іс-шаралардың тиімділігін арттырады. Сатып алынған диагностикумдардың сапасын қамтамасыз ету үшін ағымдағы жылы оларға қойылатын талаптар қатаңдатылды және олардың кейбіреулері бойынша сатып алу осы талаптарды ескере отырып жүзеге асырылды.

Шектес мемлекеттердегі күрделі эпизоотикалық ахуалды және республика аумағына инфекциялардың, оның ішінде аусылдың ену қауіпін ескере отырып, Орта Азия аумағында жануарлардың аса қауіпті ауруларын бақылаудың өңірлік бағдарламасы әзірленуде.

Бесінші - Жануарларға бірдейлендіру жүргізу рәсімінің кемшіліктері

9 слайд

Жануарларға бірдейлендіру жүргізуге арналған атрибуттарды және ветеринариялық паспортты сатып алу, тасымалдау және бірдейлендіру жүргізуді ұйымдастырудың өзі жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады.

Өкінішке орай, оларды сатып алудың орталықтандырылмауы сапаны қамтамасыз етпейді және сапаға кепілдік бермейді. Бұдан басқа мал иелері көпшілік жағдайда құлақ сырғаларының, ветеринариялық паспорттардың құнын өтемейді және тиісінше жергілікті бюджетке қаржы қаражатының түсуі жеткіліксіз болады.

Бүгінгі қолданыстағы малдарды бірдейлендірудің электронды жүйесі (деректер базасы) іске аспай қалды (клиенттік шешім). Ол өнімнің тіршілік циклінің (өсіру, өндіру, қайта өңдеу, өткізу) барлық қатысушыларының оған кіруін шектейді, яғни, порталдық шешім көзделмеген. Бұл мәліметтерді уақтылы жаңартуға және енгізуге, тиімді бақылауды жүзеге асыруға және «фермадан үстелге дейін» принципі бойынша жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды бақылап отыруды қамтамасыз етуге әсерін тигізеді.

Қабылданған және қабылданатын шаралар

Баршаңызға белгілі өткен жылы бірдейлендірудің 1-кезеңі іске асырылды. Бұл бірдейлендірудің нәтижелері бойынша мал басының нақты саны мен мемлекеттік статистика деректерінің сәйкессіздігін көрсетті.

Статистика деректері мен малды бірдеулендіру нәтижелері арасындағы айырмашылыққа байланысты Статистика агенттігімен бірлесіп мал басы санын анықтау әдістемесіне түзету енгізуге шешім қабылданды.

Бұдан басқа, министрлік өткен жылы ұсақ малдарға бірдейлендіру жүргізу рәсіміне және құлақ сырғаларының сапасына қойылатын талаптарды өзгертті.

Малдың жеке нөмірлерін беруді және иемденуді бақылау жүйесін күшейту мақсаттарында құрылған процессингтік орталық бірдейлендіру жүргізуге арналған жеке нөмірлердің эмиссиясын жүзеге асырады және өндірушілерді, лазерлік станцияларды, атрибуттарды және бұйымдарды тіркейді.

Бұдан басқа, министрлік бар мал басының санын толық және дұрыс есепке алу, сондай-ақ, құлақ сырғаларының, ветеринариялық паспорттардың құнын өтеу проблемаларын шешу және осы шараларды бастапқы кезеңде жергілікті бюджеттен қаржыландыру (3-5 жыл) үшін халықаралық сарапшылардың ұсынымы бойынша құлақ сырғаларын республикалық бюджет қаражатынан процессингтік орталық арқылы орталықтандырылған сатып алуға көшуді және оларды мал иелеріне өтеусіз негізде беруді қарастырады.

Сондай-ақ, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты барлық тіршілік цикілі бойынша бақылау, мемлекеттік шекара арқылы бақылауға жатқызылған өнімдердің орнын

ауыстыру, МАЖ (Жер ресурстары агенттігі) секілді басқа деректер базасымен, сондай-ақ, Кеден одағына қатысушы елдермен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қоса отырып, жануарларды бірдейлендірудің ақпараттық деректер базасын жетілдіру (порталдық шешімге көшіру) бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл болашақта профилактикалық және бақылау іс-шараларын жүргізу кезінде ветеринариядағы процестерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді.	
---	--

Алтыншы - Кадрлармен қамтамасыз етілмеушілік және ветеринар мамандар біліктілігінің төменділігі. <i>Қабылданған және қабылданатын шаралар</i> Кадрлық қамтамасыз ету және ветеринар мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында: - студенттердің ветеринариялық ұйымдарда тәжірибе өтуі және оқу орнындары түлектерін, оның ішінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде жұмысқа орналастыру жүйесі жолға қойылды, сондай-ақ студенттер мен мамандардың «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуы үшін квотаны ұлғайту жөнінде ұсыныс енгізілді. - <i>Анықтама: Ағымдағы жылы Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің орталық аппаратына жоғары оқу орнының 3 түлегі қабылданды, сонымен қатар 80 түлек аумақтық бөлімшелерге және ведомстволық бағыныстағы мекемелерге ұсынылды.</i> ҚР БҒМ-мен бірге ветеринариялық мамандарды оқыту бағдарламасы қайта қаралды (Жұмыс оқу жоспары). Ветеринар мамандардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды көздей отырып, оларды даярлау мен жұмысқа орналастыруға қоғамдық ұйымдардың қатысуын күшейтетін боламыз.	10 слайд
--	------------------------

Жетінші- Халықаралық стандарттарға сәйкес келмеушілік және халықаралық ұйымдармен ықпалдасудың әлсіздігі. <i>Қабылданған және қабылданатын шаралар:</i> Халықаралық эпизоотиялық бюроның бас директоры Б.Валлдың 2012 жылғы шілдедегі Қазақстанға іссапары кезеңінде семинар өткізілді және ҚР Үкіметі мен Халықаралық эпизоотиялық бюро арасында ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл Қазақстанға Халықаралық эпизоотиялық бюро және халықаралық қауымдастық тарапынан техникалық және әдіснамалық көмек тартуға мүмкіндік береді.. Астана қаласында орталық азия өңірі бойынша аусылды бақылау жөніндегі Халықаралық эпизоотиялық бюроның үйлестіру орталығын және Біріккен Ұлттар Ұйымы Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) офисін ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2012 жылдың желтоқсан айында Қазақстанда Халықаралық эпизоотиялық бюроның және әр түрлі елдердің (Кавказ елдері, Орта Азия, Қытай, Монғолия) қатысуымен өңірлік семинар өткізу жоспарланып отыр. ФАО, Еуропалық одақ тарапынан тиісті жобалар шеңберінде ветеринария мәселелері бойынша белгілі бір техникалық көмектер көрсетілуде. Бұдан басқа, Халықаралық эпизоотиялық бюроның ұсынымдары бойынша елдің	11 слайд
--	------------------------

ветеринариялық қызметін жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізілетін болады.	
Күтетін нәтижелер Аталған шараларды іске асыру нәтижесінде мыналарға қол жеткіземіз: Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық база үйлестіріледі; Ауыл шаруашылығы жануарларының басын есепке алу жүйесі жолға қойылады; Ветеринариялық іс-шараларды жүргізу сапасы жоғарлайды; Халықаралық ынтымақтастық жүзеге асырылады; Білікті мамандармен қамтамасыз ету жақсарады, ол ветеринариялық қызметтің рөлін түбегейлі күшейтеді және мал шаруашылығының барлық саласын дамытуда өз жемісін беретіні сөзсіз. Назарларыңызға рахмет!	12 слайд